

Қаһармандарды қастерлеу – қасиетті борышымыз



Соғыстың қасіреті мен тауқыметі аяққа нық тұрған елдердің өзін есеңгіретіп жібереді. 10 жылға жалғасқан Ауған жеріндегі алапат соның дәлелі. Талай шаңырақты шайқалтып, мыңдаған жастың өмірін қыршынынан қиған Ауған жеріндегі ұрыс даласынан Кеңес әскерінің шығарылғанына биыл – 33 жыл.

1989 жылы 15 ақпан күні Кеңес әскерлері Ауғанстан аумағынан шығарылды. Ауған соғысына 22 000 қазақстандық қатысты. 1979 жылы басталып, 2238 күнге созылған соғыста 761 қазақстандық мерт болып, 484 жауынгер туған елге мүгедек болып оралды, 21 адам хаба-ошарсыз кетті. Бүгінде Түркістан облысында 2 мыңнан астам ауған соғысының ардагері тұрады. Жалпы алғанда Ауғанстандағы соғысқа Түркістан облысынан 2186 адам қатысып, олардың 65-і мерт болса, 3 адам хабар-ошарсыз кеткендердің қатарында.

Өмір мен өлім белдескен қанды шайқасқа қатысып, батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз бүгін де ортамызда жүр.

Соның бірі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті әскери кафедрасының аға оқытушысы, запастағы подполковник **Қыдырәлі РАЙЫМБЕРДИЕВ** (суретте) студенттерге сапалы білім бере отырып, ұлтын сүйетін патриот етіп тәрбиелеуге үлкен үлес қосып жүрген азамат. Қай елде болмасын патриоттық тәрбие жоғары болса, сол елдің саяси тұрақтылығы нық болады. Сондықтан да қаһарман азаматтарды қадірлеу, ерлік жолдарын паш ету – баршамыздың қастерлі парызымыз.

Ауған соғысы қаһармандарының ерлігін үлгі ете отырып, Отан үшін от кешудің парыз, міндет екенін санамызға сіңіру патриоттық тәрбиенің негізі екенін ұмытпауымыз керек.

Осы мақсатта М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің әскери кафедрасында жыл сайын ауған соғысы ардагерлерінің құрметіне іс-шаралар өткізіліп, оларға құрмет көрсетіледі. Жақында пандемиялық жағдайға байланысты әскери кафедра оқытушылары студенттермен ZOOM бағдарламасы арқылы Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылуына арналған «Ерлікке тағзым» атты акция өткізді. Онда ұрпаққа ұран болған жауынгерлердің ерлігі кейінгі ұрпаққа паш етілді.

Мақсат АСАНОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың
әскери кафедрасының аға оқытушысы,
запастағы подполковник.